***Annotation.*** *The article is devoted to some problems of the improvement of organizational and legal bases of intellectual property in the Republic of Kazakhstan based on the experience of OECD countries. In particular, the authors have focused on the following:*

*- improving the coordination of the activities of the authorized bodies, which participate in the development and implementation of intellectual property policies. For this purpose the authors propose the creation of the authorized body for the coordination of intellectual property policy and a clear distinction of the responsibilities of each participant in the system to avoid duplication;*

*- simplification of procedures for the use of trademarks, industrial designs and utility models by small and medium enterprises and traditional sectors. In order to develop innovation of the private sector in the article suggests a number of measures aimed at developing the private sector: the provision of intellectual property awareness campaigns, training and technical support, as well as the introduction of new subsidies and tax exemptions;*

*- adaptation of policy in the intellectual property's field, in terms of strengthening orientation to increase the contribution of universities to the development of private sector innovation. In particular, it is recommended to stimulate the activities of researchers, which is advisable to be accompanied by efforts to strengthen the capacity of commercialization in a single institution capable of coordinating the activities of existing centers of technology transfer and to establish international contacts;*

*- software industry focus with regard to the intellectual property policy, strengthening their impact on innovation. In this context, the authors propose granting wide powers to the central body to promote the commercialization of intellectual property in Kazakhstan through coordination centers for technology transfer and the development of industry expertise in the field of agriculture and extractive industries;*

*- improving the management of organizations for collective management of rights. In the article is recommended to fixing elements of the contract of collective management, and also its specificity and characteristics similar to the regulation of copyright (license) of the contract, which established in articles 31-32 of the Law on Copyright and Related Rights of June 10, 1996.*

*The article also addresses the novel of the law project «On amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on improvement in the field of intellectual property law», which developed by the Ministry of Justice.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаев 2012 жылы еліміздің халқына мақсаты әлемнің 30 дамыған елдері қатарына қосылу болып табылатын «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауын ұсынды[1]. Қазіргі таңда бірқатар мемлекеттік бағдарламалар жемісті түрде жүзеге асырылуда:«Нұрлы жол», 2015-2019 жж. арналған Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы»,«100 нақты қадам» Ұлт Жоспары және т.б. Ұлт Жоспарын жүзеге асыруға шұғыл қажет заңдарды қабылдау 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастау алды.

Еліміз жедел қарқынмен халықаралық көлік-коммуникация дәлізіне негізделген көлік инфрақұрылымын құруда. Еуразиялық Экономикалық Одақ және Европалық Одақ мүше-мемлекеттерімен, АҚШ, Қытай және басқа да елдермен сауда-экономикалық, индустриалды және инвестициялық дамуды нығайтуға бағытталған кешенді шаралар қабылданды.

---

[1] *Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050». Новый политический курс состоявшегося государства//http://www.akorda.kz/ru/page/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-lidera-natsii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazakhstana. 2012, 14 декабря.*

Астана Экономикалық Форумында өз сөзінде Н.А. Назарбаев «негізгі мақсат экономикалық дамудың жаңа драйверлерін құру, индустриализацияны ары қарай дамыту, жеке секторға бағытталған қазіргі таңдағы жаңа экономиканы қалыптастыру, халықтың табысы мен адам капиталының деңгейін жоғарылату» деп көрсетті[2].Мемлекет басшысы әлемнің дамыған елдері қатарына қосылу үшін Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы (ары қарай – ЭЫДҰ) елдерінің тәжірибесін қолдану қажеттігіне баса назар аударды.

Қазақстан 2011 жылы ЭЫДҰ комитеттерінде бақылаушы статусын алуға ұсынысын білдірген болатын[3]. Қазіргі таңда жүйелі түрде ЭЫДҰ мемлекетті шолу шаралары презентациялануда. ЭЫДҰ стандарттарына сәйкестендіру мақсатында, бұл шолуларда Қазақстанның мемлекеттік басқару және құқық салаларына талдау жасалады[4].

Әлемнің дамыған елдері қатарына қосылу мақсатына жетуде инновация мен технологияны жылдам дамыту үшін ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесін ескеру және талдау бізді аса қызықтырады.

2016 жылы ЭЫДҰ интеллектуалдық меншік саласын шолуға және бұл саланы жетілдіруге қажетті ұсыныстар көрсетілген «Boosting Kazakhstan's National Intellectual Property System for Innovation» атты Баяндамасы жарық көрді[5].Баяндамада Қазақстанның интеллектуалдық меншік саласының мықты және әлсіз тұстарын анықтауға бағытталған маңызды механизмдер жүйесіне терең талдау жасалған. Біздің ойымызша, Қазақстанның интеллектуалдық меншік саласы жүйесін жетілдіруге бағытталған өзекті мәселелер мен міндеттерді ашу қажет. Жоғарыда аталған ЭЫДҰ Баяндамасында өзекті мәселелер мен міндеттер 3 сала бойынша топтастырылған[6]:

| *Сала* | *Өзекті мәселелер және міндеттер* |
|---|---|
| *Институционалды* | -Интеллектуалдық меншік саласында өзекті мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының Әділет, Білім және ғылым, Инвестициялар және даму министрліктерінің біріккен жұмысын координациялау. |
| *Саяси* | -Инновациялар саласындағы көрсеткіштерді жақсарту үшін интеллектуалдық меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру;<br>-Әртүрлі министрліктермен қаржыландырылатын мемлекеттік зерттеулерді оптимизациялау;<br>-Ауылшаруашылық және өндірістік секторларда интеллектуалдық меншік бойынша ақпаратпен қамтамасыз етілуді жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды дайындау. |
| *Ұйымдастырушылық* | Қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатуды және оқуды, ақпаратты басқарудың жүйесінде жаңа технологияларды қолдануды қоса алғанда, Интеллектуалдық меншіктің Ұлттық институты көрсететін қызметтердің сапасын арттыру;<br>-Өндірістік меншік туралы ақпаратқа еркін, ашық және ыңғайлы қол жетімділікті қамтамасыз ету;<br>-Мүдделі тараптар арасында интеллектуалдық меншік туралы ақпараттандырылудың деңгейін көтеруге ықпал ету;<br>-Интеллектуалдық меншікті бағалауға қатысты Интеллектуалдық меншіктің Ұлттық институтының қызметтерінің аясын кеңейту. |

Қазақстанның интеллектуалдық меншік саласындағы негізгі басым төрт бағыт төменде келтірілген:

**Біріншіден,** интеллектуалдық меншік саласындағы саясатты қалыптастыру және жүзеге асыруға қатысатын өкілетті органдардың қызметін координациялауды жетілдіру. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін интеллектуалдық меншік саласындағы саясатты координациялауға өкілетті органды құру қажет және қызметтердің қайталанбасы үшін әрбір қатысушы органның міндеттерін нақты айқындау қажет. Мұндай шаралар органдардың қызметінің үйлесімділігін, жүзеге асырылатын саясаттың тиімділігін арттыруғасептігін тигізеді.

*Инновациялы экожүйенің дамуына бағытталған біріккен саяси қадамдар қажет.* Интеллектуалдық меншік саласындағы саясат инновацияларды дамытуда маңызды құрал бола алады:

1.Ғылыми зерттеулерді қолдау білім базасының нығаюына септігін тигізеді. Өз кезегінде бұл қолдаудың нәтижелері коммерциализациялануы да мүмкін. Дамыған мемлекеттермен салыстырғанда, Қазақстанның

[2] *Выступление Президента Казахстана Н.Назарбаева на IX Астанинском экономическом форуме 26 мая 2016 // http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/ meetings_and_sittings/vystuplenie-prezidenta-kazahstana-nnazarbaeva-na-ix-astaninskom-ekonomicheskom-forume.*

[3] *Правительственная неделя: В Казахстане упрощаются налоговые платежи, развивается система электронных услуг // http://www.inform.kz/kaz/article/2421947. 2011, 25 ноября.*

[4] *Вхождение Казахстана в 30-ку самых развитых стран мира возможно в случае проведения масштабных институциональных реформ // http://economy.gov.kz/ru/press-sluzhba/detail.php?ELEMENT_ID=60527&sphrase_id=2636604. 2014, 18 декабря.*

[5] *Boosting Kazakhstan's National Intellectual Property System for Innovation, OECD Publishing, Paris, OECD (2016). // http://www.oecd.org/countries/kazakhstan/boosting-kazakhstan-s-national-intellectual-property-system-for-innovation-9789264260955-en.htm.*

[6] *Там же, pp.99.*

ғылыми-зерттеулерге жұмсалатын шығындарының көрсеткіштері жоғары емес.

2. Адам капиталының сапасын көтеру инновацияларды қолдаудың маңызды тетігі болып табылады.

3. Табиғи ресурстарға және ауылшаруашылық өнімдеріне деген салалық бағыттылық саясаты ақталған деп санаймыз. Инновациялық жүйенің дамуының ерте кезеңін анықтауға күштерді жұмылдыру қажет.

*Бюрократияланбаған және жұмсақ Кеңес құру арқылы үкіметішілік саясатты координациялауды жақсарту.*

Интеллектуалдық меншік саласында біріккен қызметті координациялауды жақсарту мақсатында әртүрлі үкіметтік мекемелерден тұратын *Кеңес* құру қажет. Бұл Кеңеске ҚР Әділет министрлігінің Интеллектуалдық меншік құқығы Департаменті, ҚР Әділет министрлігінің «Интеллектуалдық меншіктің Ұлттық Институты», ҚР Білім және ғылым министрлігінің Технологияларды коммерциализациялау Орталығы, «Технологиялық даму бойынша Ұлттық Агенттік», «Ғылыми-техникалық ақпараттың Ұлттық Орталығы, жоғары оқу орындары, заңды тұлғалар және шетелдік компаниялар кіруі қажет.

Аталған координациялық Кеңес жұмсақ болуы тиіс және онда қажетсіз бюрократиялық барьерлер болмауы тиіс. Алғашында Кеңес жыл сайын өткізілетін жиналыстар нысанында өткізілуі мүмкін.

*Интеллектуалдық меншікті коммерциялизациялауға және қолдануға ықпал берудегі мемлекеттік саясаттың әрбір қатысушысының міндеттерін нақты анықтау қажет және біріккен бағдарламаларды қабылдау қажет.*

Технологиялық даму бойынша Ұлттық Агенттіктің және Технологияларды коммерциализациялау Орталығының қызметі интеллектуалдық меншікті коммерциялизациялауға бағытталған. Аталған институттардың қызметтері қайталанбасы үшін олар біріккен бағдарламалар негізінде тандем болып жұмыс жасауы қажет.

**Екіншіден,** патенттерден басқа, инновациялық жеке секторды дамыту және интеллектуалдық меншік объектілеріне кәсіпорындардың (шетелдік тұлғаларды қоса алғанда) қолжетімділігіне ықпал ету мақсатында тауар белгілерін, өндірістік үлгілерді және пайдалы модельдерді қолданудың процедурасын жеңілдету қажет. Осы мақсатта жеке секторға бағытталған бірқатар шаралар жүзеге асырылуы тиіс: интеллектуалдық меншік саласында оқу-ақпараттық шараларды ұсыну, оқыту және техникалық қолдау, жаңа субсидиялар мен салықтық жеңілдіктерді енгізу қажет.

*Интеллектуалдық меншіктің Ұлттық Институты басқа платформаларды қоса алғанда, тіркелген интеллектуалдық меншік объектілеріне еркін, ашық және ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етуі тиіс.*

Ұлттық институттың жылдық есептері мен бюллетендерінде ақпарат жалпылама нысанда келітірлген, қазіргі таңда Институттың базасына интеллектуалдық меншіктер бойынша толық және ыңғайлы форматтағы ақпаратқа қолжәтімділік жоқ.

2010 жылдан бастап Интеллектуалдық меншіктің Ұлттық Институтының ресми сайты (www.kazpatent.kz) тіркелген интеллектуалдық меншік объектілері бойынша еркін ақпарат береді. Алайда, интеллектуалдық меншік бойынша түскен арыздар туралы ақпарат келтірілмеген, ақпарат шетелдік инвесторларға ыңғайлы болатын ағылшын тілінде берілмеген. Сондықтан да, толық ақапарт пен кеңейтілген іздеуге мүмкіндік беретін ыңғайлы платформа қажет. Ұлттық институттың веб-порталы арқылы берілетін ақапарат еуразиялық патенттерді және халықаралық базаларды (Интеллектуалдық меншіктің Бүкіләлемдік Ұйымы, Европалық патенттік ведомство, Патенттер мен тауарлық белгілер бойынша АҚШ ведомствосы) ескеруі тиіс.

Ғылыми-техникалық ақпараттың Ұлттық Орталығы «Қазақстан Республикасының ғылыми және интеллектуалдық қызметінің нәтижелерінің Картасы» атты жобасын дайындауда. Оның мақсаты кәсіпкерлерді, өнертапқыштарды және ғалымдарды Қазақстанның инновациялық жүйесі туралы ақпаратпен және ағымдағы инновациялық жобалар туралы ақпаратпен бір веб-сайт (intellmap.kz) арқылы қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі таңда веб-сайт тестілік режимде жұмыс істеуде және болашақта онда Қазақстанның инновациялық жүйесі құрамына кіретін негізгі ұйымдар мен олардың интеллектуалдық меншік бойынша жобаларының интерактивті картасы орын алмақ.

*Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделе отырып, Интеллектуалдық меншіктің Ұлттық Институты процедуралар және сұранысты өңдеудің ұзақтығы туралы ақпаратты жинауы және жариялауы тиіс, қолданушылармен кері байланысты қалпына келтіруі тиіс.*

Интеллектуалдық меншікті дамытудың талаптарының бірі қызмет көрсетудің ыңғайлы механизмін қалыптастыру болып табылады. Клиентке негізделген қызмет көрсету тиімді шешім болып табылады.

Мәселен, Германия, Мексика, Жапония, Корея, АҚШ-тың ұлттық патенттік ведомстволары қызмет көрсетудің тиімділігі көрсеткіштерін жариялайды.

*Интеллектуалдық меншіктің Ұлттық Институты интеллектуалдық меншік бойынша мәмілелерді (транзакцияларды) тіркеудің жүйесін жетілдіруі тиіс.*

Интеллектуалдық меншік саласындағы мәмілелер (лицензиялық шарттар мен құқықтан бас тарту шарттарын қоса алғанда) бойынша ақпаратты жинау және тарату интеллектуалдық меншік объектілерін коммерциялизациялауға септігін тигізеді.

*Технологиялардың трансферті орталықтарын нығайту, олардың ынтымақтастығын қолдау, сондай ақ халықаралық ассоциациялармен байланыс орнату.*

Қазақстанда ғылыми зерттеуледі коммерциялизациялау әлі де болса дамымаған. Сондықтан, интеллектуалдық меншік объектілерінің коммерциализацияленуына технологиялардың трансферті орталықтары тарапынан едәуір қолдау қажет. 2011 жылдан бастап технологиялардың трансфертінің 20 астам орталықтары құрылды. Ресурстарды біріктіру, тәжірибе алмасу және кадрларды дайынауда біріккен шараларды жүзеге асыру мақсатында Технологияларды трансферттеу орталықтарының Ұлттық Ассоциациясын құру қажет. Үлгі ретінде шетелдік технологияларды трасферттеу орталықтарының ассоциацияларын келтіруге болады:UNITT (Жапония), RedOTRI (Испания), AURIL (Ұлыбритания) және Réseau CURIE (Франция). Сонымен қатар, Еуразиялық патенттік ұйымға мүше-мемлекеттердің технологияларды трансферттеу орталықтарының ассоциациясын құруға болады.

**Үшіншіден,** қазіргі таңда жеке инновациялық секторге университеттердің үлесін арттыруға бағытталған интеллектуалдық меншік саласындағы саясаттың адаптациялануына бірқатар шаралар өткізу қажет. Нақтырақ айтқанда, зерттеушілердің қызметін ынталандыру бір мекеме шеңберінде коммерциализациялаудың потенциалын нығайтуға қажет, әрекет ететін технологиялардың трансферті орталықтарының қызметін координациялай алатын және халықаралық байланыстар орната алатын маңызды қадамдармен жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай халықаралық байланыстар қазақстандық фирмалардың шетелдік технологияларға қолжетімділігіне септігін тигізуі тиіс және шетелде болашақ қазақстандық технологиялардың коммерциализациялануына негізін қалыптастыруы тиіс.

*Жақында қабылданған «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңды жүзеге асыру мақсатында нұсқау беретін реттеуші құжаттар (Типтік лицензиялық келісім) қабылдау қажет.*

2015 жылғы 31 қазандағы № 381-V ҚРЗ «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы»Заң ғылыми зерттеулердің коммерциализациялауына негіз қалыптастыруға бағытталған алғышқы қадам болып табылады. Заңда университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарына өздерінің зерттеулерін коммерциялизациялауға құқық береді және өнертапқыш пен жұмыс беруші арасында пайданы бөлісуге қатысты жалпы ережелер бекітілген. Алайда, аталған заңнаманы тиімді түрде жүзеге асыру үшін техникалық қолдауды қамтамасыз ету қажет. Мысал ретінде Ұлыбританияда жасалған the Lambert toolkit-ті келтіруге болады.Бұл жинақ интеллектуалдық меншік саласында біріккен зерттеу консорциумының қызметін реттеуге бағытталған басшылыққа алынуы тиіс қағидалардан тұрады.

*Интеллектуалдық меншіктің сапасын және оның өндірісте қолданылу мүмкіндігін ескеретін бағалау әдістері негізінде университеттерді қаржыландырудың жаңа критерийлерін енгізу.*

Студенттер, басылымдар, патенттер саны сияқты критерийлерден басқа, лицензиялық келісімдердің саны және ғылыми-зерттеу нәтижелерін енгізуден түскен пайда көлемі және т.б. көрсеткіштер енгізу қажет.

**Төртіншіден,** интеллектуалдық меншік саласындағы саясатқа қатысты салалық бағыттылықты қамтамасыз ету, олардың инновацияларға әсерін күшейту. Интеллектуалдық меншік саласындағы саясаттың жетістігін максималды түрде қамтамасыз ету үшін тек қана жоғарытехнологиялы салаларға ғана емес, нақты секторларға көңіл аударған тиімді болады.

*Қазақстанда интеллектуалдық меншікті коммерциализациялауды қолдауды жүзеге асыруда технологияларды трансферттеу орталықтарының қызметін координациялау және ауылшаруашылығы мен игеру өндірісі саласында салалық сараптаманы қалыптастыру арқылы орталық атқарушы органға кең ауқымды өкілеттіктер беру.*

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Технологияларды коммерциялизациялау Орталығы технологияларды трансферттеу орталықтарының ынтымақтастығын топтастыру және халықаралық ынтымақтастықты нығайту бойынша орталық орган болуы мүмкін. Координациялық орган аясында

салалық сараптаманы әзірлеген дұрыс болады. Қазақстанда ауылшаруашылығы мен игеру өндірісіне ерекше көңіл аударылатынын ескере отырып, қысқа мерзімді перспективада университеттер, компаниялар және әртүрлі сарапшылардан тұратын салалық сараптама бойынша мамандандырылған комитеттер құру қажет. Өндірістік сектордың дамуына байланысты үкімет технологияларды трансферттеудің тәуелсіз орталықтарын құруды қарастырған да жөн болады. Мұндай тәуелсіз орталықтарды бірнеше университеттерді, ғылыми-зерттеу институттарын біріктіру арқылы құруға болады. Мысал ретінде 2015 жылы Чилиде құрылған *the Hubs of Technology Transferprogramme* автономды технологияларды трансферттеу орталықтарын қалыптастыру бағдарламасын келтіруге болады.

Нақ осы бағытта мемлекет Басшысы агроөндіріс кешенінде Ұлттық ғылыми кеңес құру қажеттігі туралы тапсырмасын берген болатын, яғни «Үш аграрлы университетті біріктіру, ғылыми-зерттеу және кадрларды даярлау орталығын құру» тапсырмасы берілген болатын[7].

Отандық ғалымдардың өздерінің дайындығы және ғылыми потенциалы бойынша шетелдік әріптестерінен қалмайтынын атап өту керек. Олар жаңа технологияларды жасай алады, әлемдік деңгейде жаңалықтар аша алады. Әзірше мұндай жағдайдың орын алмауы қазіргі таңдағы техникалық базаның жоқтығымен, бизнестің ғылыми-зерттеу нәтижелеріне деген қызығушылығының төмендігімен, өнертапқыштық қызметті ынталандыру механизмдерінің осы күнге дейін дайындалып жатқандығымен түсіндіруге болады.

Қазақстанның технологиялық дамығын елдерден айырмашылығы зерттеулерді қаржыландыруда мемлекеттің өте жоғары ролі және ғылымды қажетсінетін жеке компаниялардың жоқтығы болып табылады. Әзірше Қазақстанда бизнес және ғылым бір бірінен алшақ орналасқан, ынтымақтастықтың механизмі жоқ, біріккен жобаларды жүзеге асырудың тәжірибесі жоқ.

Салыстыра кетсек, АҚШ-та фундаменталды ғылымға деген шығынның 21,7% бизнестің үлесіне келеді, 48,1% - қолданбалы ғылымға және 77,6% - тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарға келеді. Өз кезегінде, мемлекеттің үлесі: іргелі ғылымға - 53,2%; қолданбалы ғылымға - 42,2% және 21,3% тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарға келеді[8].

Егер Қазақстан мен ЭЫДҰ мүше-мемлекеттеріндегі патенттеу және өндірістік меншік объектілерін салыстырар болсақ, Қазақстан Республикасының 16 шілде 1999 жылғы Патенттік заңнамасына сәйкес, өндірістік меншік объектілері патентпен куәландырылады. Патент өндірістік меншікке приоритетті, авторлықты және айрықша құқықты куәландырады[9].

Өндірістік меншік обхъектілері Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағында алғашқылардың бірі болып Қазақстанда 1992 жылдан бастап Патенттік заңмен құқықтық реттеле бастады. Бұл заң Қазақстанның патенттік жүйесінің қалыптасуына алғышарттар қабылдады, өндірістік меншік объектілерін азаматтық айналымға енгізудің негіздерін бекітті. Осы саладағы заңнаманы жетілдіру және ТРИПС Келісімінің ережелеріне сәйкестендіру мақсатында 1999 жылы күшіндегі Қазақстан Республикасының Патенттік заңы қабылданды [1].

Өндірістік меншік объектісі патентін алуға өтініш РМК «Интеллектуалдық меншіктің Ұлттық Институтына» беріледі. Патентті беру процедурасы формальды сараптамадан, мәні бойынша сараптамадан және Мемлекеттік реестрде тіркеуден тұрады.

Формальды сараптаманы жүргізу барысында құжаттардың бекітілген талаптарға сай екендігі тексеріледі. Мәні бойынша сараптамада өтініш жаңалылығы мен оригиналдылығына тексеріледі. Әлемдік жаңалылығына тексеру, ұлттық және шетелдік базалар бойынша өнертапқыштық деңгейін анықтау процедураларынан тұратындықтан, мәні бойынша сараптама қиын процесс болып табылады. Сондықтарн да, өтінішті тексерудің қазақстандық мерзімі кем дегенде 18 айдан тұрады. Мәні бойынша сараптаманың қазақстандық мерзімімен салыстырғанда, ЭЫДҰ елдерінің патенттік ұйымдарының мерзімі ұзақ. Мысалы, Францияда – 27 ай, АҚШ, Жапония, Ұлыбританияда – 34 айдан 38 айға дейін[10].

Пайдалы модельдерге деген өтінішке

---

[7] *Президент Казахстана предложил создать Национальный научный совет в АПК // http://inform.kz/rus/article/2815416. 2015, 7 сентября.*

[8] *Обзор «Коммерциализация результатов научной и (или) научно-технической деятельности» (представлен ТОО «Центр коммерциализации технологий» Министерства образования и науки Республики Казахстан) 29 августа 2015 г.*

[9] *Патентный закон Республики Казахстан от 16 июля 1999 года № 427 // http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000427_*

[10] *Вопросы директору //http://kazpatent.kz/ru/voprosy-direktoru. 4 апреля 2016г.*

сараптама бір сатыдан тұрады және формальды сараптама мен мәні бойынша сараптамаға бөлінбейді. Өтініш берілген пайдалы модельдің патентқабілеттілікке сәйкестігі тексерілмейді және патентөтініш берушінің тәуекелі мен жауапкершілігіне беріледі.

ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесіне сәйкес, пайдалы модель ұғымының ауқымы кеңейді. Оның қатарына құрылғы ғана емес, тәсіл және зат кіреді. Пайдалы модельді патенттеудің бұл тәжірибесі ЭЫДҰ елдері ішінде Бельгияда, Венгрияда, Ирландияда және Испанияда қолданылады. Бұл елдерде патент құрылғы, тәсіл және заттарға жетілдірулерді енгізетін өнер туындыларын қорғауға бағытталған.

Сонымен қатар, Қазақстанның патенттік заңнамасының 22-бабының жаңа 13-1 пунктіне сәйкес, егер өнертабыс патенттеудің қолайлы талаптарына сай келген жағдайда, өтініш берушінің арызы бойынша патентке сараптама жылдамдатылған мерзімде қаралуы мүмкін. Патенттеудің қолайлы талаптары бекітілген объектілерге қоршаған ортаға деген әсері төмен, электр энергиясы мен жылу энергиясын шығаруға қолданылатын, энергияның қалпына келтірілетін қайнар көздері саласындағы өнертабыстар жатады (күн сәулесі энергиясы, жел энергиясы, судың гидродинамикалық энергиясы, топырақ жылуы, жер асты суларының жылуы, өзен, көлдер энергиясы, сонымен қатар, антропогенді қайнар көздер: биомасса, биогаз, органикалық қалдықтардың басқа да жанармайлары). Қазақстанның патенттік заңнамасына аталған өзгеріс 2015 жылдың 7 сәуірінде енгізілді және «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізге және ЭЫДҰ-ның Жапония, Корея, АҚШ елдерінің тәжірибесіне негізделген болатын. Жылдамдатылған сараптама бұл жағдайда 18 айдың орнына 6 ай ішінде өткізілетін болады.

Қазақстанның патенттік заңнамасының келесі новелласы әлемге белгілі өнертабыстарды патенттеуді қажет етпейтін өнертабысқа инновациялық патентті алуды қысқарту болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы шетел инвесторларының Кеңесінің 27-ші жиналысында Үкіметке интеллектуалдық меншік саласында ЭЫДҰ-ның стандарттарына өту бойынша тапсырма берілген болатын. Бұл бағытты жүзеге асыру мақсатында Әділет министрлігімен «Интеллектуалдық меншік саласында заңнаманы жетілдіру бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы дайындалды. Өзгерістердің мазмұны төмендегідей:

1. Тауар белгісіне сараптама және оны тіркеу туралы өтініштің келіп түскен уақытынан бастап жариялау. Қазіргі таңда өтінішті жарилау оны тіркеу туралы шешім қабылданғаннан соң жүзеге асырылады. Бұл қадамның Германия, Франция және Жапония елдерінің сарапшыларымен прогрессивті деп қабылданғанын атап өту керек, өйткені бұл өзгеріс бизнес субъектілерінің арасындағы дауларды елеулі түрде төмендетеді;

2. Ұлттық заңнаманы халықаралық келісімдердің нормаларына сәйкестендіру (Патенттік құқық бойынша шарт, Тауар белгілері зандары бойынша Сингапур шарты), яғни лицензиялық шарттарды қысқарту және мұндай тіркеуді хабардар ету тәртібіне көшіру болып табылады. Заң жобасы күшіне енсе, лицензиялық шарттарды патенттік органға жіберу талабы қысқартылады. Бірақ, лицензияны берудің заңи фактісін тіркеу талабы сақталынады. Лицензияны берудің заңи фактісін тіркеу үшін келесі құжаттардың біреуін патенттік органға жіберу жеткілікті бо-



лады: 1) лицензиялы шарт; 2) патенттік органға қажетті ақпараттар келтірілген, тараптармен қол қойылған шарттан үзінді *(шарттың түрі, оны жасау күні, тараптар туралы ақпарат, интеллектуалдық меншік объектілері, құқықтар, лицензия түрі, мерзімі, әрекет ету аумағы)*; 3) бекітілген талап бойынша патенттік органды хабарландыру;

3. Айрықша құқықтардан бас тарту фактісін тіркеуге байланысты әкімшілік процедуралардың қысқаруы: фактіні дәлелдеу үшін шартты немесе одан үзінді беру жеткілікті болып табылады;



4. Құжаттар тізімінің қысқаруы: шартты жасау бойынша басқару органының шешімін беру талабының қысқаруы; екі тілде құжат тапсыру міндетінің қысқаруы; аударма тек қана нотариуспен ғана емес, патенттік сенімді тұлғамен де куәландырылу мүмкіндігінің енгізілуі;тіркеу уақытының 10 жұмыс күніне қысқартылуы.

Жоспарланған заңнамадағы өзгерістер бизнеспен айналысуға қолайлы жағдай жасау және технологияны коммерциализациялау ниетімен негізделеді.

Сараптаманың қорытындысы бойынша өндірістік меншік объектісіне патентті беру немесе беруден бас тарту туралы қорытынды шығарылады. Сараптама органының қорытындысымен қанағаттанбаған жағдайда, ҚР Әділет министрлігінің Апелляциялық кеңесіне өтініш білдіруге болады. Егер бұл өтініш те қанағаттандырылмаған жағдайда, апелляциялық органның шешіміне сотқа арыз беруге болады.

Авторлық және аралас құқытар саласындағы маңызды мәселелердің бірі ғылым туындылары, әдебиет өнер, орындаушылар немесе басқа да құқытардың авторларының мүліктік құқықтарын қорғау болып табылады. Осы мақсатта әлемдік тәжірибе, сонымен қатар ЭЫДҰ елдері авторлық және аралас құқықтарды шарттық негізде ұжымдық басқару тәсілін таңдады. Бұл құқықтық институт «Авторлық және аралас құқықтар туралы» ҚР 10 маусым 1996 жылғы Заңының 43-бабында көрініс тапты. Бұл заңнаманы талдау барысында авторлық және аралас құқықтарды беру шарттарын реттеудің жартылай ғана көрініс тапқандығын анықтауға болады. Заңда құқықиеленушілердің жалпы құқықтары ғана (44-бап), ұжымдық басқару ұйымының кейбір құқықтары ғана (45 және 46 баптар) көрініс тапқан. Қазақстан заңнамасында ұжымдық шарттардың қандай да бір азаматтық шарттар қатарына жатқызу көзделмеген. Сондықтан, бұл мәмілелердің құқықтық табиғатына қатысты ғылыми түсіндірме берілуі қажет деп санаймыз. Өз кезегінде авторлық және аралас құқықтар туралы заңнама мұндай шарттарда өкілдік ету немесе тапсырма шартының элементтері бар екендігін меңзейді. Сонымен қатар, ресейлік зерттеушілердің ойынша, «тапсырма шартының конструкциясы әрқашанда ұжымдық басқару қатынастарын адекватты түрде реттеуге мүмкіндігі жоқ»[2]. Ұжымдық басқару шарты өзінің құқықтық табиғаты бойынша авторлық (лицензионды) шарт бола алмайды. Бұл шарттардың арасындағы басты айырмашылық, туындыны қолдану құқығына қатысты авторлық шартты жасау барысында лицензиатқа ақылы негізде берілетіндігінде, ал ұжымдық басқару шартында автор құқықиеленуші болып табылады да, ұйым авторлардың мүдделерін қорғайтындығында және басқаратындығында.

Осыларды ескере отырып, ұжымдық басқару шартын құқықтық реттеуге қатысты ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесін қарастыру қажет. Германияда ұйымдар мен құқықиеленушілер арасында sui generis деп танылатын шарттар жасалады. Испанияда құқықтарды беру және тапсырма арқылы жасалады[1, с. 192]. АҚШ-та Авторлық құқық саласында рұқсат беру орталығы («ССС») айрықша емес шарттар негізінде ұжымдық басқаруды жүзеге асырады. Кейбір мемлекеттерде ұжымдық басқару ұйымдары заңнамалық қолдау негізінде екі механизм арқылы жүзеге асырылады: кеңейтілген ұжымдық лицензия және міндетті ұжымдық басқару. Мысалы, кеңейтілген ұжымдық лицензия Дания және Финляндияда қолданылады (авторлық-құқықтық лицензия мүдделері келтірілмеген құқықиеленушілерге де тарайды), міндетті ұжымдық басқару Францияда қолданылады. Міндетті ұжымдық басқаруға

сәйкес, құқықтарды басқару ерікті болса да, құқықиеленушілер талап арыздарын тек қана ұжымдық басқару ұйымы арқылы ғана беруі тиіс [3].

Ұжымдық басқаруға қатысты ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесіне жүргізілген талдау ұжымдық басқару шарттарының құқықтық табиғатына қатысты бірегей позицияның жоқтығын аңғартады. Осыған сәйкес, ұжымдық басқару шартының элементтерін, ерекшеліктерін нақты бекіту қажеттігін ұсынамыз. Тиісінше, келесі аспектілерді реттеу қажеттілігі туындайды:

- құқықиеленушілер арасында сыйақыны бөлу тәртібі;

- құқықиеленушілердің әрбір өнер туындысына сыйақы көлемін бекіту мүмкіндігін қарастыру;

- құқықтарды аккредитация негізінде ұжымдық басқару ұйымдарымен басқарылуына тыйым салу;

- ұжымдық басқару шартынан шығу және орындаудан бас тарту мүмкіндіктерін қарастыру;

- құқықиеленушілер талап арыздарын тек қана ұжымдық басқару ұйымы арқылы ғана бере алатын француздық тәжірибені қолдану мүмкіндігін қарастыру.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Право интеллектуальной собственности Республики Казахстан: Учебное пособие/ Отв.ред.к.ю.н., доцент З.Х. Баймолдина, д.ю.н., проф. Т.Е. Каудыров. – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2013. – 264 с. – С. 102

2. Шерба Л. Р. Договор коллективного управления имущественными правами субъектов авторского и смежных прав: понятие и юридическая природа // Вестник Пермского университета. Юридические науки. - Выпуск 4 (18) 2012. – с. 187 - 197 (http://www.jurvestnik.psu.ru/index.php/ru/vypusk-4182012/21-2010-12-01-13-31-58/-4-18-2012/333-shherba-dogovor-kollektivnogo-upravleniya-imushhestvennymi-pravami-subektov-avtorskogo-i-smezhnyx-prav-ponyatie-i-yuridicheskaya-priroda)

3. Шепперд Питер, ИдрисКамил. Коллективное управление в области репрографии -(www.ifrro.org/sites/default/files/924_int_R_0.pdf )

## REFERENCES

1. Pravo intellektual’noj sobstvennosti Respubliki Kazahstan: Uchebnoe posobie/Otv. red.k.ju.n., docent Z.H. Bajmoldina, d.ju.n., prof. T.E. Kaudyrov. – Astana: GU «Institut zakonodatel’stva Respubliki Kazahstan», 2013. – 264 s. – S. 102

2. Sherba L. R. Dogovor kollektivnogo upravlenija imushhestvennymi pravami sub#ektov avtorskogo i smezhnyh prav: ponjatie i juridicheskaja priroda // Vestnik Permskogo universiteta. Juridicheskie nauki. - Vypusk 4 (18) 2012. – p. 187 – 197. - (http://www.jurvestnik.psu.ru/index.php/ru/vypusk-4182012/21-2010-12-01-13-31-58/-4-18-2012/333-shherba-dogovor-kollektivnogo-upravleniya-imushhestvennymi-pravami-subektov-avtorskogo-i-smezhnyx-prav-ponyatie-i-yuridicheskaya-priroda)

3. Shepperd Piter, Idris Kamil. Kollektivnoe upravlenie v oblasti reprografii - (www.ifrro.org/sites/default/files/924_int_R_0.pdf )

